




Семинар №3
Іскерлік ойын:
«Кәсіби шеберлер

Мақсаты:

Қазіргі заман тәрбиешісінің әлеуметтік - психологиялық мәдениетін жетілдіру, бір - бірлеріне деген достық сезімін арттыру. Тәрбиешілердің педагогикалық рефлексиясын дамыту. Шығармашылыққа әртістікке, бастамашылдыққа ынтасын дамыту. Өзін - өзі тануға, педагогикалық ізденімпаздыққа қызығушылығын тәрбиелеу.

Шаттық шеңбері

Мейірімді жүрекпен
Ақпейілді тілекпен
Амандасып алайық
Бір жадырап қалайық



1-Тапсырма: Сұрақ - жауап

Мектепке дейінгі мекемелер бағынатын құжат

Стандарт

Баланың білімін анықтайтын қорытынды сараптама қалай аталады?

Индикатор

Стандарттың негізінде жасалған мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін мемлекеттік нормативті құжат

Үлгілік оқу жоспары

Ерте жастағы балалардың оқу қызметінің ұзақтығы?

7-15 минут

Жуыну, тамақтану, үстел жасау, асхана, табиғат бұрышындағы жұмыс – бұл барлығы қалай аталады?

Тәртіптік кезең

2-Тапсырма:

Ертегілер әлеміне саяхат





«Қандай ертегі желісі?
Осы ертегіні қысқаша сахналау.





«Қандай ертегі желісі? Осы ертегіні қысқаша сахналау.»





**«Қандай ертегі желісі?
Осы ертегіні қысқаша сахналау.**






«Қандай ертегі желісі? Осы ертегіні қысқаша сахналау.»






«Қандай ертегі желісі? Осы ертегіні қысқаша сахналау.»




3-Тапсырма: Педагогикалық жағдаяттарды шешу бөлімі

Мақсаты:


Тәрбиешілер мен ата –аналар арасында туындайтын келіспеушіліктерді шешу жағдайларында педагогтардың әрекеттерінің түрлерін ойын тәсілімен моделдей жеткізу.




1-жағдай: Кезекті серуенге дайындалып жатқанда киініп жатқан тәрбиеленушінің бірі пальтосының қалтасынан анасының тәрбиешіге арнап жазған хатын қолыңызға ұстатты. Оқып қарасаңыз, баласын бүгін түскі ұйқыдан кейін үнемі өткізетін шынығу шараларына қатыстырмауыңыз керектігін жазған, бірақ себебі көрсетілмепті. ата-ана өтінішін орындайсыз ба? Алдағы уақыттағы іс-әрекеттеріңіз қандай болады?




2-жағдай: «Екі бала төбелесіп қалды. Бір бала екінші баланың қолын тырнап алды. Кешке балаларды ата - аналары алып кетеді. Жарақат алған баланың анасы – ұрысатын, шу көтеретін адам. Сіздің әрекетіңіз».



3-жағдай: Тәрбиеші қабылдау бөлмесіндегі хабарландыру қабырғасына хабарландыру іліп, барлық ата-аналарды сенбілік жасауға шақырды. Сенбілікке тек екі ата-ана келді. Тәрбиешінің көңілі толмады. Сенбілік өткізу күнін басқа күнге ауыстыруға тура келді. Болған жағдайды қалай түсіндіруге болады. Болашақта қандай іс-әрекеттер жасау керек?



4-жағдай: Тәрбиеші 5 жастағы сотқар ұл баланың анасымен сөйлесу керек деп шешті.Әңгімені қалай бастар едіңіз?



5-жағдай: Сіз азық- түлік дүкенінде кезекте тұрсыз. Сіздің алдыңызда жасы 6-7жасар бала сауда жасап тұр. Сатушыға келіп саудадан артылған ақшаны (сдача) алды. Сатушының ақшаны дұрыс қайтармағанын сіз байқап қалдыңыз. Сіз бұл жағдаятқа қалай әсер ете аласыз? Мұндай жағдаятта сіз қандай іс-әрекет жасар едіңіз?

Сергіту сәті

Кәне, кәне тұрайық,
Дөңгеленіп алайық,
Киіз үй біз құрайық.
Сол қолымды көтердім,
Оң қолымды көтердім,
Уықты мен тіредім.
Шаңырақты көтердім,
Киіз үйді тұрғыздық,
Жұмысты біз тындырдық.

4-Тапсырма: «Серіктесін сипаттау»

Шарты: Педагогтар өз аты-жөнін көрсетпей өз серіктесін сипаттап қағаз бетіне жазу керек. Жазып болған соң, тәрбиеші өз жазғандарын оқиды, ал қалған тәрбиешілер сипаттау бойынша кім екенін табу керек.



A decorative rectangular frame made of gold-colored beads and pearls, set against a background of pink and purple flowers. The text is centered within the frame.

Назарларыңызға
рахмет